# "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2026 жылғы 2 ақпандағы № 69 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 3 ақпанда № 37937 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 10 шілдедегі № 665 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20955 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Темекі өнімдерінің өндірісіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Алкоголь өнімінің өндірісіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және көтерме саудада сатуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада сату жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімін сақтауға және бөлшек саудада сатуға лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Авторлық құқық пен сабақтас құқық объектілерін, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар мен тауарлардың шығарылған жерлерінің атауларын зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жинақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Халықаралық тасымалдау көлік құралын кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Уақытша сақтау орындары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Өз тауарларын сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Көлік құралына арналған кедендік декларацияны қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Жолаушылар кедендік декларациясын қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Транзиттік декларацияны қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Темекі өнімдерін өндіруге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
1-қосымша";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Этил спиртінің өндірісіне лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
2-қосымша";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Алкоголь өнімін өндіруге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
3-қосымша";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса

немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және көтерме саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімдерін сақтауға және көтерме саудада өткізуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
4-қосымша";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Алкоголь өнімін өндіру аумағында оны сақтау және бөлшек саудада өткізу жөніндегі қызметті қоспағанда, алкоголь өнімдерін сақтауға және бөлшек саудада өткізуге лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
5-қосымша";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Авторлық құқықтар мен сабақтас құқықтар объектілерін, тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және тауарлардың шығарылған жерлерінің атауларын зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
6-қосымша";

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

""Авторлық құқық пен сабақтас құқық объектілерін, тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, қызмет көрсету белгілері мен тауарлардың шығарылған жерлерінің атауларын зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы;

2) Ақпараттық объектілері, "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN" АЖ).

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, "Авторлық құқық пен сабақтас құқық объектілерін, тауар белгілерін, географиялық нұсқамаларды, қызмет көрсету белгілері мен тауарлардың шығарылған жерлерінің атауларын зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі ( бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Электрондық түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті лауазымды

адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Портал, "KEDEN" АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында сәйкес толық құжаттар топтамасын табыс етпеген және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде, көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтініш келіп түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде оны қарайды және зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімге енгізу туралы немесе зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімге енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Зияткерлік меншік объектілерінің кедендік тізіліміне енгізу мақсатында ұсынылған құжаттарды қарау кезінде өтініш беруші ұсынған сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасының барлық кодтары тауар белгілеріне берілген куәліктерде көрсетілген Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің халықаралық жіктемесіне (ТҚХЖ) сәйкестігі тұрғысынан тексеріледі. МКТУ бойынша тексеру уәкілетті https:// nclpub.wipo.int. портал арқылы жүзеге асырылады.

Зияткерлік меншік объектілерін кедендік тізілімге енгізу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды және мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
7-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы;

2) ақпараттық объектілері, "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN" АЖ).

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Уәкілетті экономикалық операторлар тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшада көрсетілген.

Электрондық түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ұсынылады.

Портал және "KEDEN" АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті келіп түскен күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтінішті қарау туралы немесе оны қараудан бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш пен көрсетілген құжаттар тіркелген күннен бастап күнтізбелік 90 (тоқсан ) күннен кешіктірмей куәлік беру немесе бас тарту себептерін көрсете отырып, осындай куәлікті беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Бірінші, екінші немесе үшінші үлгідегі куәлікті ала отырып, уәкілетті операторлардың тізіліміне енгізу туралы шешім уәкілетті органдарға қабылданады және мемлекеттік кірістер органдарының ақапарттық жүйесінде қалыптастырылады.

Бірінші, екінші немесе үшінші типтегі куәлікті беру туралы шешім мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Уәкілетті орган осындай куәлікті беру туралы шешім тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлғаны мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі арқылы уәкілетті экономикалық операторлардың тізіліміне енгізілгені туралы хабардар етеді.

Порталға жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету нәтежесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды тұлғасының ЭЦҚ-мен куәландырылып, электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік

корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
8-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы;

2) ақпараттық объектілері, "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN" АЖ) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі ( бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Электрондық түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Портал, "KEDEN" АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған немесе көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 9-тармағында сәйкес келмеген кезде көрсетілетін қызметті беруші кеден өкілдерінің тізіліміне енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтінішті оған қоса берілген құжаттармен бірге ол келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды және кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы немесе кеден өкілдерінің тізіліміне енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы шешімді уәкілетті орган қабылдайды және ол мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

Кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы шешім мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Уәкілетті орган кеден өкілдерінің тізіліміне енгізу туралы шешім тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлғаны мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі арқылы кеден өкілдерінің тізіліміне енгізілгені туралы хабардар етеді.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда

мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
9-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы;

2) Ақпараттық объектілері, "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN" АЖ) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген .

Электрондық түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Портал, "KEDEN" АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынбаған немесе көрсетілетін қызметті алушы осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Тізбенің 9-тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген кезде көрсетілетін қызметті беруші кедендік тасымалдаушылар тізіліміне енгізуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу туралы шешімді аумақтық мемлекеттік кірістер органы қабылдайды және ол мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде қалыптастырылады.

Кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу туралы шешім мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Заңды тұлғаны кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізген аумақтық мемлекеттік кірістер органы кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізу туралы шешім тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлғаны мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі арқылы кедендік тасымалдаушылардың тізіліміне енгізілгені туралы хабардар етеді.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекеттіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
10-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жүзеге асырылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

2) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге электрондық түрде ұсынған кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш осы тармақта көрсетілген ақпараттық жүйелер арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері уәкілетті лауазымды адамдардың электрондық

ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде, көрсетілетін қызметті алушы осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген толық құжаттар топтамасын ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өтінішті берген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттардың берілген күні көрсетіледі, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жеткізгіште көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға келу тәртібімен ұсынған кезде-Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік байланыс арқылы жібереді.

Құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Егер көрсетілетін қызметті беруші сұратқан қосымша ақпарат Кеден кодексінің 61-бабы 4-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімге ұсынылмаса не ұсынылған қосымша ақпарат тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім қабылдауға мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтымаса, көрсетілетін қызметті беруші тауардың шығу тегі туралы осындай алдын ала шешім қабылдаудан бас тартады және бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні хабардар етеді.

Толық құжаттар топтамасы ұсынылған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтінішті қарайды:

1) тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей – тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім қабылдаған кезде;

2) еркін нысанда өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде – тауардың шығарылуы туралы алдын ала шешімнің телнұсқасын беру кезінде.

Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімнің телнұсқасында тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешімнің түпнұсқасында қамтылған барлық мәліметтер, оның ішінде тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі мен қабылданған күні көрсетіледі және "Телнұсқа" белгісі қойылады.

Мерзімнің өтуі тоқтатылады:

1) көрсетілетін қызметті алушыға "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 62-бабына сәйкес қосымша ақпарат не хабарлама беру қажеттілігі туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап;

2) Кеден кодексінің 468-бабында көзделген негіздер бойынша кедендік сараптама мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрған күннен бастап жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жолдауы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының мұндай ақпаратты ұсыну мерзімі Кеден кодексінің 61-бабының 4-тармағында көзделген. Мемлекеттік қызметті есептеу мерзімі оны тоқтата тұруға негіз болған негіз аяқталған күннен бастап қайта басталады.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап мемлекеттік қызметті көрсету тізбесінің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік корпорацияға қағаз жеткізгіште жіберіледі. Ақпараттық жүйелер арқылы жүгінген жағдайда - тиісті ақпараттық жүйелер арқылы электрондық түрде жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Тыңдау рәсімін өткізу кезеңі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жалпы мерзіміне кірмейді.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі немесе Кеден кодексінің 61-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап Мемлекеттік корпорацияға қағаз жеткізгіште жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде, жеке куәлік (не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілі) ұсынылған кезде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне көрсетілетін қызметті алушы жүгінбеген кезде талап етілмеген құжаттарды сақтау шарты көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік корпорация құжаттарды сақтауды 1 (бір) ай ішінде қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік

корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
11-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру жүзеге асырылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

2) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал).

3) "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN " АЖ).

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге электрондық түрде ұсынған кезде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш осы тармақта көрсетілген ақпараттық жүйелер арқылы қабылданады

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрндық құжат көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға осы Қағиданы 1-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өтінішті берген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттардың берілген күні көрсетіледі, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жеткізгіште көрсету кезінде өтініштер мен құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға келу тәртібімен ұсынған кезде-Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік байланыс арқылы жібереді.

Құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және

мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы "Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 45-бабы 3-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде қосымша ақпарат ұсынбаған не ұсынылған қосымша ақпарат тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдауға мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтымаған кезде көрсетілетін қызметті беруші тауарды сыныптау туралы осындай алдын ала шешім қабылдаудан бас тартады және бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні хабардар етеді.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтінішті қарайды:

1) тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей – тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдаған кезде;

2) еркін нысанда өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде – тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімнің телнұсқасын беру кезінде.

Көрсетілетін қызметті алушы Кеден кодексінің 44-бабына сәйкес тауарды сипаттау тәртібін көздейтін қосымша ақпаратты ұсыну қажет болған кезде мерзімнің өтуі көрсетілетін қызметті алушыға қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап тоқтатыла тұрады және қосымша ақпарат келіп түскен күннен бастап қайта басталады.

Көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушыға қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жолдауы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының мұндай ақпаратты ұсыну мерзімі Кеден кодексінің 45-бабының 3-тармағында көзделген.

Егер тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау үшін кедендік сараптама жүргізу қажет болса, мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші кедендік сараптама тағайындаған күннен бастап он жұмыс күніне тоқтатыла тұрады және тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау мерзімінің тоқтатыла тұру мерзімі өткен күннен бастап қайта басталады. Он жұмыс күні мерзімі Кеден кодексінің 468-бабында көзделген негіздер бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін.

Порталға Ақпараттық жүйелер арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі немесе тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап қағаз жеткізгіште жіберіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі. Тыңдау рәсімін өткізу кезеңі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің жалпы мерзіміне кірмейді.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі немесе Кеден кодексінің 61-бабының 4-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап қағаз жеткізгіште жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру жеке куәлікті (не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкіліне) ұсынған кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті берушімен, Мемлекеттік корпорациямен уақытында қажет етілмеген құжаттарды сақтау шарттары:

көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алуға келмеген жағдайда көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін сақтайды;

Мемлекеттік корпорация құжаттардың 1 (бір) ай сақталуын қамтамасыз етеді, одан кейін оларды көрсетілетін қызметті берушіге сақтауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай мерзім өткеннен кейін жүгінген кезде Мемлекеттік корпорацияның сұрауы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) күн ішінде дайын құжаттарды Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін жолдайды.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта

арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жинақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім қабылдау" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының

2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
12-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "Азаматтарға арналған үкімет Мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;

2) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады;

3) "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN " АЖ).

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жинақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Электронды түрде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат ұсынылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушы, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім береді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші және (немесе) Мемлекеттік корпорация қызметкері уәкілетті лауазымды адамдардың ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжаттар нысанында портал арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттар мен мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген толық құжаттар топтамасын ұсынбаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағиданың 2-

қосымшасына сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері құжаттарды қабылдау кезінде өтініш берушіден тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы электрондық қолхат береді, онда қабылданған құжаттардың тізбесі, өтінішті қабылдаған қызметкердің тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), өтінішті берген күні мен уақыты, сондай-ақ дайын құжаттардың берілген күні көрсетіледі, өтініш берушінің өтініші бойынша қолхат қағаз түрінде беріледі.

Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз жеткізгіште көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды көрсетілетін қызметті беруші тіркеген күннен бастап есептеледі. Мемлекеттік қызметті Портал, ақпараттық жүйелер арқылы электрондық түрде көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі Көрсетілетін қызметті беруші өтінішті тіркеген күннен бастап есептеледі.

Портал, осы тармақта көрсетілген ақпараттық жүйелер арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпаратты, Мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйелерін және өтініштерді қабылдау және өңдеу жүйелерін алу мүмкіндігі болады.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды Мемлекеттік корпорацияға келу тәртібімен ұсынған кезде – Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттарды қабылдайды, тексереді және қабылданған құжаттарды көрсетілетін қызметті берушіге курьерлік байланыс арқылы жібереді.

Құжаттарды қабылдауға жауапты көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесі құжаттар келіп түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдауды, тексеруді және тіркеуді жүзеге асырады (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы Кеден кодексінің 49-бабы 6-тармағының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде қосымша ақпарат ұсынбаған не өтініш беруші тауарды сыныптау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынудан бас тартқан кезде көрсетілетін қызметті беруші бас тарту негіздерін көрсете отырып, тауарды жинақталмаған түрде сыныптау туралы шешім қабылдаудан бас тартады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы фактісі анықталған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей өтінішті қарайды.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін тауар туралы қосымша ақпарат алу қажет болған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтініш келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға сұрау салуды жібереді.

Көрсетілетін қызметті берушінің қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жолдауы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының мұндай ақпаратты ұсыну мерзімі Кеден кодексінің 49-бабының 6-тармағында көзделген.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жіберілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті алушыға қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап тоқтатыла тұрады және қосымша ақпарат келіп түскен күннен бастап қайта басталады.

Порталға Ақпараттық жүйелер арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі немесе тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияда дайын құжаттарды беру тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде, жеке куәлік (не өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжат негізінде әрекет ететін оның өкілі) ұсынылған кезде жүзеге асырылады.

Дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжаттарды не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжатты ұсынған кезде Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесіне сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ өкілдің тиісті өкілеттіктері көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес берілген құжатты ұсынады. Дайын құжаттарды электрондық түрде беру ақпараттық жүйелер арқылы тәулік бойы жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның мерзімінде талап етілмеген құжаттарды сақтау шарты:

көрсетілетін қызметті алушы көрсетілген мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне жүгінбеген кезде көрсетілетін қызметті беруші оларды көрсетілетін қызметті алушы алғанға дейін қабылдау орны бойынша сақтауды қамтамасыз етеді;

Мемлекеттік корпорация құжаттарды 1 (бір) ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге береді.

Көрсетілетін қызметті алушы 1 (бір) ай өткеннен кейін жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұрау салуы бойынша көрсетілетін қызметті беруші 1 (бір) жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жібереді.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Халықаралық тасымалдау көлік құралын кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
13-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы;

2) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын "Халықаралық тасымалдау көлік құралын кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе ) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Келу тәртібімен жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушымен ұсынылған құжаттар көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесімен қабылданады және көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды өңдеуге жауапты құрылымдық бөлімшесіне беріледі.

Электронды түрде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне жүгінген кезде күні, уақыты, құжаттар топтамасын қабылдаған тұлғаның қолы, тегі және аты-жөні бар өтініштің көшірмесіне белгі қою көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды қабылдауын растауы болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі жіберіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, көрсетілетін қызметті алушы ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға жазбаша келісімін береді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден портал арқылы уәкілетті лауазымды адамдардың электрондық цифрлық қолтаңбасымен ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды және мәліметтерді талап етуге жол берілмейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің құжаттарды қабылдауға жауапты құрылымдық бөлімшесі құжаттар түскен күні ұсынылған құжаттарды қабылдайды, тексереді және тіркейді (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне ( бұдан әрі – ҚР Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Көрсетілетін қызметті алушы Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 676 шешімімен (бұдан әрі – Шешім) көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Тапсырылған құжаттар және көлік құралы толық болған жағдайда құжаттарды өңдеуге жауапты тұлға өтінішті тіркейді. Өтінішті тіркеу кезінде құжаттардың көшірмесін тұпнұсқамен салыстырады, көшірмеге ол туралы тиісті белгіні қояды. Тексеру жасап болғаннан кейін құжаттардың тұпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.

Өтініш тіркелгеннен кейін көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған Автомобиль көлігіне, тіркемені, жартылай тіркемені тексеріп қарауды жүргізеді және олардың техникалық талаптарға сәйкестігі жағдайында, Шешімнің талаптарына, жіберу туралы куәлік береді. Бұл ретте көрсетілетін қызметті беруші жіберу туралы куәлікке "Кіммен берілгендігі" туралы бағанды, 7 бағанды толтырады және жіберу туралы куәліктің нөмірін көрсетеді.

Халықаралық тасымалдау көлік құралын кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға жіберу туралы куәлік көрсетілген өтініш тіркелген күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күні ішінде, көлік құралын ұсынған кезде, беріледі.

Егер автомобиль көлік құралы, тіркеме, жартылай тіркеме техникалық талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, Шешімнің талаптарына, өтініш тіркелген күннен кейінгі 1 ( бір) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті беруші жазбаша түрде көрсетілетін қызметті алушыға жіберу туралы куәліктің берілмеуі туралы себебі көрсетіле отырып хабарландырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті е-лицензиялау ақпараттық жүйесі арқылы көсеткен жағдайда оны көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты түрде түседі.

Көрсетілетін қызметті берушіге және портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі қағаз жеткізгіште беріледі.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Уақытша сақтау орындары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
14-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы;

2) ақпараттық объектілері, "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN" АЖ) жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Уақытша сақтау орындары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Электронды түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш портал арқылы қабылданады

.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар " Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 504, 511 және 518-баптарына сәйкес құжаттарды ұсынады.

Портал, "KEDEN" АЖ арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Кеден кодексінің 504, 511 және 518-баптарында көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Құжаттар толық ұсынылған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтінішті тіркелген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы Кеден кодексінің 415-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының үй-жайлары мен аумақтарының Кеден кодексінің 503-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында, 510-бабы 1-тармағының 1 ) тармақшасында және 517-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған талаптарға сәйкестігіне кедендік қарап-тексеруді жүргізеді.

Кедендік қарап-тексеруді жүргізу кезінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамына түпнұсқаларын көрсете отырып, мынадай:

уақытша сақтау орны ретінде пайдалануға арналған құрлыс жайлардың, үй-жайлардың (үй-жай бөліктерінің) және (немесе) ашық алаңдардың меншігінде, шаруашылық жүргізуінде, жедел басқаруында болуын немесе жалға алынғанын растайтын құжаттардың;

мыналарды:

тиеу-түсіру механизмдерінің не тиеу-түсіру механизмдерін пайдаланумен байланысты қызмет көрсететін тұлғамен шарттың;

орналастырылатын тауарлар мен көлік құралдарының сипаттамасына сәйкес келетін сертификатталған таразы жабдығының, ал арнаулы сақтау орнына газ орналастырылған жағдайда – тиісті есептеу құралы аспабының бар екенін растайтын құжаттардың түпнұсқаларын көрсете отырып көшірмелерін ұсынады.

Бұл ретте ұсынылған құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті берушіде қалатын, үй-жайларды және аумақты кедендік қарап тексеру актіне қоса тігіледі.

Үй-жайларды және аумақты кедендік қарап тексеру аяқталған соң үй-жайларды және аумақты кедендік қарап тексеру актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу туралы шешім мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесінде тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Заңды тұлғаны уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізген аумақтық мемлекеттік кірістер органы уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу туралы шешім тіркелген күннен бастап бір жұмыс күнінен кешіктірмей заңды тұлғаны мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі арқылы уақытша сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізілгені туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті беруші шешім қабылданған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша немесе электрондық нысанда хабардар етеді.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
15-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал);

2) "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN " АЖ) жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Электрондық түрде жүгінген кезде – көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш портал арқылы қабылданады .

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық түрде ұсынған кезде құжаттарды өңдеу автоматтандырылған түрде жүргізіледі. Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Кеден кодексінің 525-бабында көзделген тізбеге сәйкес толық құжаттар топтамасын ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Құжаттар толық ұсынылған кезде өңдеуге жауапты қызметкер өтінішті тіркелген күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қарайды.

Көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы Кеден кодексінің 415-бабының 3-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының үй-жайлары мен аумақтарын Кеден кодексінің 524-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында айқындалған талаптарға сәйкестігіне кедендік қарап-тексеруді жүргізеді.

Үй жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеруді жүргізу кезінде көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамына түпнұсқаларын көрсете отырып мынадай:

1) бажсыз сауда дүкені ретінде пайдалануға жарамды құрылыстарды және (немесе) үй-жайларды (үй-жайлардың бөліктерін) иелену, пайдалану және (немесе) оларға билік ету құқығын растайтын құжаттардың;

2) егер оларды алу міндеті Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген болса, тіркеу құжаттарының немесе бөлшек саудаға арналған рұқсаттардың көшірмелерін ұсынады.

Бұл ретте ұсынылған құжаттардың көшірмелері көрсетілетін қызметті берушіде қалатын Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру актісіне қоса беріледі.

Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру аяқталғаннан кейін үй-жайлар мен аумақтарды кедендік тексеру актісінің бір данасы көрсетілетін қызметті алушыға табыс етіледі.

Бажсыз сауда дүкендері иелерінің тізіліміне енгізу туралы шешім көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның не көрсетілетін қызметті беруші басшысы орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті беруші тиісті шешім қабылданған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыны жазбаша немесе электрондық нысанда хабардар етеді.

Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жіберіледі.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді көрсету үшін қажет ақпараттарды сақтайтын ақпараттық жүйелер істен шыққан жағдайда көрсетілетін қызметті берушілер істен шыққан уақыттан бастап 30 (отыз) минут ішінде электронды пошта арқылы keden_support@kgd.minfin.gov.kz қолдау қызметіне сұрау жолдайды, онда мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алуға берген өтініштің тіркеу нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), көрсетілетін қызметті алышуның атауы, жүйелі және қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етудің нұсқасы көрсетіледі және қатеге әкеліп соққан әрекеттер тізбегі мазмұндап берілуі қажет.

7. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің әрекетіне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына;

салықтардың және бюджетке төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті органның басшысының атына;

мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.

Бұл ретте, көрсетілетін қызмет көрсетуші немесе шағым жасалған лауазымды тұлға егер шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын оң шешім қабылдаса немесе әкімшілік әрекетті жүзеге асырса, шағымды қарайтын органға жібермеуге құқылы, алайда бұл 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсететін көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25 бабы 2-тармағына сәйкес оның тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Өз тауарларын сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

оң жақ жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
міндетін атқарушының
2020 жылғы 10 шілдедегі
№ 665 бұйрығына
16-қосымша";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) "электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы;

2) "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz (бұдан әрі – "KEDEN " АЖ) арқылы.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, "Өз тауарларын сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағиданың 1-қосымшасында көрсетілген.

Электронды түрде – көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы салықтық өтініш портал арқылы қабылданады.

Мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес Тізбенің 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын ұсынады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттарды электрондық нысанда тапсырған кезде құжаттарды өңдеу автоматты түрде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге Тізбенің 9-тармағында көзделген негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын тыңдау туралы көрсетілетін қызметті берушімен хабардар етіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушымен тыңдау болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы Кеден кодексінің 166-бабында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Тапсырылған құжаттар толық болған жағдайда құжаттарды өңдеуге жауапты тұлға өтінішті келіп түскен күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде өңдейді.

Көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамы Кеден кодексінің 415-бабына сәйкес өтініш иесінің үй-жайлары мен аумақтарын Кеден кодексінің 165-бабының 3-тармағында айқындалған талаптарға сәйкестігіне кедендік қарап-тексеру жүргізеді.

Үй-жайлар мен аумақтарды кедендік қарап-тексеруді жүргізу кезінде өтініш иесі көрсетілетін қызметті берушінің лауазымды адамына Кеден кодексінің 165-бабының 3-тармағында айқындалған талаптардың орындалуын растайтын құжаттардың көшірмелерін ұсынады.

Бұл ретте ұсынылған құжаттардың көшірмелері үй-жайларды және аумақтарды кедендік қарап-тексеру актісіне қоса беріледі, ол көрсетілетін қызметті берушіде қалады.

Өз тауарларын сақтау қоймалары иелерінің тізіліміне енгізу туралы шешім көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның немесе көрсетілетін қызметті берушінің басшысы орынбасарының бұйрығымен ресімделеді.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны жазбаша және ( немесе) электрондық нысанда хабардар етеді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі жіберіледі.";

6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2026 жылғы 2 ақпандағы
№ 69 бұйрығына
10-қосымша
"Тауардың шығарылған жері
туралы алдын ала шешім қабылдау"
мемлекеттік қызметтерді
көрсету қағидаларына
1-қосымша

| **"Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі** | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорация" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;<br>2) "Электрондық үкімет" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы. |
| | | 1) құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – 20 ( жиырма) жұмыс күні;<br>тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімнің телнұсқасын беру – өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері | 2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін уақыты – Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуінің рұқсат берілетін уақыты –Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | 1) тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім беру, тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімнің телнұсқасын беру;<br>2) осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап. |
| | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті | Кодекстің 76-бабының 2-тармағына сәйкес, мемлекеттік қызмет көрсету үшін тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім қабылдау жөніндегі кедендік алымдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі № 171 " Мемлекеттік кірістер органдары алып отыратын кедендік алым ставкаларын бекіту туралы" қаулысымен белгіленген мөлшерлерде әрбір тауар атауына, оның ішінде белгілі бір сауда белгісін, үлгісін, артикулын және түрін қамтитын тауарларға алынады.<br>Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алымдар тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш берілгенге дейін төленеді.<br>Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алымдар бюджетке қолма қол және қолма қол ақшасыз тәсілмен ұлттық валютада төленеді: |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | 1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар екінші деңгейдегі банктер, сондай-ақ банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы ( Банктің төлем тапсырмасы төлемді растау болып табылады);<br>2) көрсетілетін қызметті берушінің әкімшілік ғимараттарында белгіленген Екінші деңгейдегі банктердің электрондық терминалдары арқылы төлем карточкаларын пайдалана отырып (көрсетілген электрондық терминал беретін чек төлемді растау болып табылады);<br>3) Екінші деңгейдегі банктердің кассалары және тікелей көрсетілетін қызметті берушінің ғимараттарында (үй-жайларында) орналасқан банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы (көрсетілген банк кассаларының түбіртегі төлемді растау болып табылады) жүзеге асырылады.<br>Телнұсқаны беру кезінде алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алым алынбайды. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне (бұдан әрі – ҚР Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мерекелік күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін, 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 8.30-ден 18.00-ға дейін.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезекпен көрсетіледі, алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;<br>2) Мемлекеттік корпорация – ҚР Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңына сәйкес демалыс және мерекелік |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | күндерден басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсететін кезекші бөлімдері дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін.<br>Қабылдау электрондық кезек тәртібімен көрсетілетін қызметті алушының тіркеу орны бойынша жүргізіледі, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;<br>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, ҚР Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурста орналастырылған:<br>1) көрсетілетін қызметті беруші www.kgd.gov.kz;<br>2) Мемлекеттік корпорация: ww.gov4c.kz;<br>3) портал www.egov.kz. |
| | | осы Тізбенің 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.<br>Өтініште (туралы) мәліметтер болуы керек:<br>1) өтініш берушіге (тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) немесе атауы, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері);<br>2) тауар (толық коммерциялық атауы, фирмалық атауы (тауар белгісі), негізгі техникалық және коммерциялық сипаттамалары ( |

| | | |
|---|---|---|
| | | функционалдық мақсаты, сорты, маркасы, моделі, артикулы, жеке және көліктік қаптамасының сипаттамасы), сыртқы экономикалық қызметтің тауар номенклатурасына сәйкес коды, құны);<br>3) тауарлар дайындалған материалдарға, олардың шығу тегіне, Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне , құнына сәйкес кодтарға;<br>4) тауарды дайындау үшін жасалған өндірістік және технологиялық операциялар;<br>5) тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алым төлеуге;<br>тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алымды төлеу туралы құжаттың көшірмесі.<br>Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке тауарды өндіруші елдің сауда-өнеркәсіп палаталарының және (немесе) басқа да сараптама ұйымдарының (елдер тобының, елдердің кеден одағының, өңірдің немесе елдің бір бөлігінің) сараптама актілері және оған қатысты тауардың<br>шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылданатын тауардың шығарылған жері туралы сертификат қоса беріледі.<br>Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке онда көрсетілген мәліметтерді растайтын өзге де құжаттар қоса берілуі мүмкін: сынақ хаттамалары, тауарды зерттеу нәтижелері келтірілген сараптама ұйымдары мамандарының қорытындылары, тауарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуді көздейтін мәміле жасалғанын растайтын құжаттар, өндірілетін тауар құнының калькуляциясы, коммерциялық |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | шоттар, бухгалтерлік есеп құжаттар, тауарды дайындаудың технологиялық процесінің толық сипаттамасы және басқа құжаттар, тауар шығарылған елдің (елдер тобының, елдердің кеден одағының, өңірдің немесе елдің бір бөлігінің) аумағында осы тауардың толық алынғанын, өндірілгенін немесе жеткілікті түрде өңделгенін (қайта өңделгенін) куәландыратын құжаттар, тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті фотосуреттер, суреттер, сызбалар, бұйымдардың паспорттары және басқа да құжаттар.<br>Тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке тауардың сынамалары және ( немесе) үлгілері де қоса берілуі мүмкін.<br>Көрсетілетін қызметті беруші тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке қоса берілген, қазақ немесе орыс тілі болып табылмайтын тілде жасалған құжаттардағы мәліметтерді аударуды талап етуге құқылы.<br>Егер көрсетілетін қызметті алушы ұсынған мәліметтер тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болған жағдайда, Мемлекеттік кірістер органы Мемлекеттік кірістер органына тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жібереді.<br>Қосымша ақпарат мемлекеттік кірістер органы өтініш берушіге қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жіберген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс; |

| | | |
|---|---|---|
| | | телнұсқаны алу үшін:<br>еркін нысандағы өтініш.<br>Тауардың шығалыған жері туралы алдын ала шешімнің телнұсқасында тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешімнің түпнұсқасында қамтылған барлық мәліметтер, оның ішінде тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі мен қабылданған күні көрсетіледі және "Телнұсқа" белгісі қойылады .<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| | | Егер қосымша ақпарат осы Қағидаларда белгіленген мерзімде ұсынылмаса не ұсынылған қосымша ақпарат тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім қабылдауға мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтымаса, көрсетілетін қызметті беруші тауардың шығу тегі туралы осындай алдын ала шешім қабылдаудан бас тартады және бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні хабардар етеді.<br>Егер Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы немесе тауардың шығу тегі туралы сертификатты берген және ( немесе) тексеруге уәкілеттік берілген Уәкілетті ұйым тауардың шығарылған жері туралы сертификаттың түпнұсқа болып табылмайтынын және (немесе) дұрыс емес мәліметтерді қамтитынын растаса, көрсетілетін қызметті беруші тауардың шығарылған жері туралы алдын ала шешім қабылдаудан бас тартады және бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні хабардар етеді. |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | Бұл ретте өтінім беруші тауарды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлеген кедендік алым қайтарылмайды.<br>"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-1-бабында көзделген негіздер бойынша бас тарту үшін негіз болған кезде;<br>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін өзге де талаптар | "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жері бойынша 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы жүргізеді ( |

| | | |
|---|---|---|
| | | Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде).<br>Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. |

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2026 жылғы 2 ақпандағы
№ 69 бұйрығына
11-қосымша
"Тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасына
1-қосымша

| "Тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;<br>2) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі-портал);<br>3) "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz ( бұдан әрі – "KEDEN" АЖ). |
| | | 1) Тауарды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>мерзімнің тоқтатылуы:<br>Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасында кедендік реттеу туралы" Кодексінің (бұдан әрі – Кеден кодексі) 44 және 45-баптарына сәйкес қосымша ақпарат ұсыну қажеттігі туралы қызмет алушыға |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері | сұраныс жіберілген күннен бастап ;<br>қызмет көрсетуші тарапынан кеден сараптамасы тағайындалған күннен бастап;<br>2) тауарды жіктеу туралы алдын ала шешімнің телнұсқасын беру – өтініш келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін уақыты – Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;<br>4) көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуінің рұқсат берілетін уақыты –Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Электронды (ішінара автоматтандырылған) немесе қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) сәйкес тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім беру, осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша тауарды сыныптау туралы бұрын алынған алдын ала шешімнің телнұсқасын не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауапты беру. |
| 6 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қызмет алушыдан алынатын ақы мөлшері және Қазақстан Республикасы заңдарымеп белгіленген ақыны алу әдістері | Кеден кодекстің 76-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алымдар алынады. Аталған алымдардың мөлшерлемелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 5 сәуірдегі №171 қаулысымен бекітілген " Мемлекеттік кірістер органдары алатын кедендік алымдардың ставкаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес әрбір тауар атауы бойынша, оның белгілі бір маркасы, моделі, артикулы және |

| | | |
|---|---|---|
| | | түрлендірмесі (модификациясы) ескеріле отырып белгіленеді. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30-ден 18.00-ға дейін.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезекпен көрсетіледі, алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;<br>2) Мемлекеттік корпорация-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңына сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа.<br>Қабылдау электрондық кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;<br>3) порталда, "KEDEN" АЖ – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, ҚР Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz;<br>2) Мемлекеттік корпорация: www.gov4c.kz;<br>3) www.egov.kz порталы интернет-ресурстарында орналастырылған;<br>4) "KEDEN" АЖ http:// www.keden.kgd.gov.kz. |
| | | көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде:<br>тауарды жіктеу туралы алдын ала шешім алу үшін:<br>осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш. Тауарды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініште толық коммерциялық атауы, фирмалық атауы (тауар белгісі), тауардың негізгі техникалық және коммерциялық сипаттамалары және тауарды біржақты жіктеуге мүмкіндік беретін өзге де ақпарат, сондай-ақ тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алымның төленгені туралы мәліметтер қамтылуға тиіс;<br>тауарларды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін кедендік алымды төлеу туралы құжаттың көшірмесі.<br>Қажет болған жағдайда кедендік сараптама жүргізу үшін тауардың сынамалары және (немесе) үлгілері, сондай-ақ өтініш берушінің мөрімен (ол болған кезде) куәландырылған Тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау үшін қажетті бұйымдардың фотосуреттері, суреттері, сызбалары, паспорттары және басқа да құжаттар ұсынылады.<br>Көрсетілетін қызметті беруші қазақ немесе орыс тілі болып табылмайтын тілде жасалған, |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі | тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтінішке қоса берілетін құжаттардағы мәліметтердің аудармасын талап етуге құқылы.<br>Тауарды жіктеу туралы алдын ала шешім белгілі бір марканы, модельді, артикулды және модификацияны қамтитын тауардың әрбір атауы бойынша қабылданады.<br>Тауардың шығу тегі туралы алдын ала шешім нақты елден Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін тауардың әрбір атауы бойынша қабылданады<br>Егер көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар мен мәліметтер алдын ала шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса немесе толық көлемде ұсынылмаса, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті берушіге тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау туралы өтініш келіп түскен күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей көрсетілетін қызметті алушыға қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жібереді.<br>Қосымша ақпарат көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға қосымша ақпарат беру қажеттілігі туралы сұрау салуды жіберген күннен бастап күнтізбелік алпыс күннен кешіктірілмей ұсынылуға тиіс;<br>телнұсқаны алу үшін:<br>еркін нысандағы өтініш.<br>Тауарды жіктеу туралы алдын ала шешімнің телнұсқасында алдын ала шешімнің түпнұсқасында қамтылған барлық мәліметтер, оның ішінде тауарды жіктеу туралы алдын ала шешімнің тіркеу нөмірі мен қабылданған күні көрсетіледі және "Телнұсқа" белгісі қойылады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | | корпорация қызметкері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруден бас тарту негіздемелері | Егер қосымша ақпарат осы Тізбенің 8-тармағында белгіленген мерзімде ұсынылмаса не ұсынылған қосымша ақпарат тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдауға мүмкіндік беретін мәліметтерді қамтымаса, көрсетілетін қызметті беруші тауарды сыныптау туралы осындай алдын ала шешім қабылдаудан бас тартады және бұл туралы бас тарту себептерін көрсете отырып, өтініш берушіні хабардар етеді. Бұл ретте өтінім беруші тауарды жіктеу туралы алдын ала шешім қабылдағаны үшін төлеген кедендік алым қайтарылмайд;<br>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| | | Қазақстан Республикасының " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Кодексінде белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жері бойынша 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы жүргізеді ( Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде).<br>Көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. |

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2026 жылғы 2 ақпандағы
№ 69 бұйрығына
12-қосымша
"Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде
әртүрлі тауар партияларымен
әкелінуі болжанатын,
құрастырылмаған немесе
бөлшектелген түрдегі, оның
ішінде жинақталмаған немесе
жасалып бітпеген түрдегі
тауарды сыныптау туралы
шешім қабылдау" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағидасына
1-қосымша

"Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жинақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша |

| | | |
|---|---|---|
| | | аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" Мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы;<br>2) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал);<br>3) "KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz ( бұдан әрі – "KEDEN" АЖ). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері | 1) Өтініш тіркелген күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірмей;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін уақыты – Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуінің рұқсат берілетін уақыты –Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және ( немесе) қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | Белгілі бір уақыт кезеңі ішінде әртүрлі тауар партияларымен әкелінуі болжанатын, құрастырылмаған немесе бөлшектелген түрдегі, оның ішінде жинақталмаған немесе жасалып бітпеген түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім не осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР Еңбек |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30-ден 18.00-ға дейін.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезекпен көрсетіледі, алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;<br>2) Мемлекеттік корпорация-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің кезекшілері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін ҚР Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңы сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | | Қабылдау электрондық кезек тәртібімен, көрсетілетін қызметті алушының тіркелген жері бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;<br>3) порталда, "KEDEN" – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, ҚР Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңы сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурста орналастырылған: |

| | | |
|---|---|---|
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz;<br>2) Мемлекеттік корпорация: www.gov4c.kz;<br>3) портал www.egov.kz;<br>4) "KEDEN" АЖ http:// www.keden.kgd.gov.kz. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорацияға немесе порталға жүгінген кезде:<br>1) осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>2) Шарттың (келісімшарттың) нотариат куәландырған көшірмесі;<br>3) олардың негізінде жиналмаған түрдегі тауарды сыныптау туралы шешім қабылданатын құжаттар ( іс-әрекет принципі мен функциялары көрсетілген тауардың және оның компоненттерінің техникалық сипаттамасы, монтаждау немесе құрастыру тәсілінің сипаттамасы, олардан тауар және оның компоненттері өндірілген материалдардың сипаттамасы, Құрастыру сызбалары, схемалары, мүмкіндігінше фотосуреттер, өндірушілердің каталогтары, бейнематериал, өнімнің толық сипаттамасы).<br>Өтінішті мемлекеттік кірістер органы декларант кедендік рәсіммен орналастыру үшін берген тауарларға арналған декларацияны тіркегенге дейін ( кедендік транзиттің кедендік рәсімін қоспағанда) жинақталмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе аяқталмаған түрде әкелінген тауардың бірінші партиясына қатысты береді.<br>Егер көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттар мен мәліметтер тауарды жинақталмаған түрде жіктеу туралы шешім қабылдау үшін жеткіліксіз болса, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны өтініш келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен |

| | | |
|---|---|---|
| | | кешіктірмей қосымша ақпарат беру қажеттігі туралы хабардар етеді.<br>Қосымша ақпарат көрсетілетін қызметті алушыны жазбаша хабардар еткен күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде берілуге тиіс.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) егер қосымша ақпарат осы Қағиданың 1-қосымшасына сәйкес Тізбенің 8-тармағында белгіленген мерзімде ұсынылмаса не көрсетілетін қызметті алушы тауарды сыныптау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынудан бас тартса;<br>2) егер Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізілетін тауардың құрамдас бөліктері жинақталмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жиынтықталмаған немесе аяқталмаған түрде сыныптау қағидаларына сәйкес аяқталған немесе жиынтық тауардың коды бойынша сыныпталатын тауарды құрмаса;<br>3) өтініште және оған қоса берілетін құжаттарда көрсетілген қарама-қайшы ақпарат болған кезде;<br>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің |

| | | |
|---|---|---|
| | | Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>6) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген өзіне-өзі қызмет көрсетуді жүзеге асыру, өз бетінше жүріп-тұру, бағдарлану қабілетінен немесе мүмкіндігінен толық немесе ішінара айырылған көрсетілетін қызметті алушыларға мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жері бойынша 1414, 8 800 080 7777 бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгіну арқылы жүргізеді (Мемлекеттік корпорация арқылы қызмет көрсету кезінде).<br>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік қызметті алу мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының Бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. |

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2026 жылғы 2 ақпандағы
№ 69 бұйрығына
13-қосымша
"Халықаралық тасымалдау көлік құралын кедендік пломбалар мен мөрлер салынған тауарларды тасымалдауға жіберу туралы

куәлік беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет қағидасына
1-қосымша

| "Халықаралық тасымалдаудың көлік құралын тауарларды кедендік пломбалармен және мөрлермен тасым алдауға жіберу туралы куәлік беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері | 1) көрсетілетін қызметті беруші арқылы;<br>2) "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы www.egov.kz (бұдан әрі – портал);<br>3) мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесі арқылы. |
| 3 | Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері | 1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап – көлік құралын ұсынған кезде көрсетілген өтініш тіркелген күннен кейінгі бір жұмыс күні;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілетін уақыты – Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут;<br>3) көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің қызмет көрсетуінің рұқсат берілетін уақыты –Мемлекеттік корпорацияда – 15 (он бес) минут. |
| 4 | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | электрондық (ішінара автоматтандырылған) және ( немесе) қағаз түрінде. |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | 1) халықаралық тасымалдаудың көлік құралын кедендік пломбалармен және мөрлермен тауарларды тасымалдауға жіберу туралы куәлік беру;<br>2) мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжді жауап. |
| 6 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қызмет алушыдан алынатын ақы мөлшері | |

| | | |
|---|---|---|
| | және Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген ақыны алу әдістері | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. |
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – ҚР Еңбек кодексі) және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден жұмаға дейін, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен сағат 8.30-ден 18.00-ға дейін.<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезекпен көрсетіледі, алдын ала жазылу талап етілмейді, жеделдетілген қызмет көрсету көзделмеген;<br>2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, ҚР Еңбек кодексіне және ҚР мерекелер туралы Заңына сәйкес демалыс, мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурста орналастырылған:<br>1) көрсетілетін қызметті берушінің www.kgd.gov.kz;<br>2) порталда www.egov.kz. |
| | | жеке тәртіппен куәлікті алу кезінде:<br>1) өтініш және халықаралық тасымалдау көлік құралын тексеріп қарауға бос күйінде әкелу :<br>қағаз тасымалдағышта жүгінген кезде еркін нысандағы өтініш;<br>портал арқылы жүгінген кезде осы Қағиданың 2-қосымшасына сәйкес электронды құжат нысанындағы өтініш; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 2) бланкінің 1 – 6-бағандарын толтыра отырып Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 676 шешімімен ( бұдан әрі – Шешім) белгіленген нысан бойынша жіберу туралы куәлік бланкісі;<br>3) автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің конструкциясының сызбалары, фотосуреттері және егжей-тегжейлі сипаттамасы;<br>4) автомобиль көлік құралына, тіркемеге, жартылай тіркемеге қатысты жеке меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару немесе иелік ету құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері;<br>5) автомобиль көлік құралын, тіркемені, жартылай тіркемені тіркеу туралы куәліктің түпнұсқасы және көшірмесі.<br>Өтінішке қоса берілетін фотосуреттер мен сызбаларда автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің алдыңғы жағынан, артқы жағынан , сол жағынан, оң жағынан түрлері , сондай-ақ кедендік пломбалар мен мөрлерді салу үшін орындар көрсетілуі тиіс. Бір фотосуретте немесе сызбада бір мезгілде автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің екіден көп емес түрін көрсетуге жол беріледі;<br>көлік құралдары конструкциясының (сериясының) типі бойынша:<br>1) автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің түрін, оның белгілері мен көрсетілетін қызметті алушы ( дайындаушы) алдын ала тауарларды кедендік пломбалармен және мөрлермен тасымалдауға жіберуге жататын көлік құралы конструкциясының типіне (сериясына) беретін тану цифрларын немесе әріптерін көрсете отырып: |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | қағаз тасымалдағышында жүгінген кезде еркін нысандағы өтініш;<br>портал арқылы жүгінген кезде осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес электронды құжат нысанындағы өтініш;<br>көрсетілетін қызметті алушы ( дайындаушы) өтініште:<br>көрсетілетін қызметті берушіге оларды конструкцияның ( серияның) осы типіндегі автомобиль көлік құралын, тіркемені, жартылай тіркемені кез келген сәтте олардың сериялық өндірісі барысында қарап тексеруге мүмкіндік беретін жағдайлар жасауға;<br>көрсетілетін қызметті берушіні осы өзгерістер жүргізілгенге дейін конструкцияның (серияның) сызбаларындағы және сипаттамаларындағы кез келген өзгерістер туралы хабардар етуге;<br>автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің көрінетін жеріне конструкциясы ( сериясы) типінің тану цифрларын немесе әріптерін, сондай-ақ сериямен шығарылатын аталған типтегі әрбір автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің тану немесе зауыт нөмірін салуға;<br>конструкцияның (серияның) жіберілген типіне сәйкес дайындалған автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің есебін жүргізуге жазбаша міндеттенеді;<br>2) бланкінің 2-4 және 8-бағандарын толтыра отырып Шешіммен белгіленген нысан бойынша жіберу туралы куәліктің бланкісі;<br>3) алдын ала тауарларды кедендік пломбалармен және мөрлермен тасымалдауға жіберуге жататын автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің конструкциясының (сериясының) типінің сызбалары, фотосуреттері және егжей-тегжейлі сипаттамасы. |

| | | |
|---|---|---|
| | | Көрсетілген құжаттардың көшірмелері салыстыру үшін түпнұсқамен табыс етіледі, кейіннен құжаттардың түпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушыға қайтарылады.<br>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады. |
| 9 | Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленген мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруден бас тарту негіздемелері | 1975 жылғы 14 қарашадағы ХЖТ кітапшасын қолдана отырып, Жүктерді халықаралық тасымалдау туралы кеден конвенциясында немесе 1972 жылғы 2 желтоқсандағы контейнерлерге қатысты Кеден Конвенциясында белгіленген автомобиль көлік құралының, тіркеменің, жартылай тіркеменің техникалық талаптарға сәйкес келмеуі мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіз болып табылады;<br>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол |

| | | |
|---|---|---|
| | | жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10 | Мемлекеттік қызметті көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған кезде мемлекеттік қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі болады.<br>Көрсетілетін қызметті алушының порталдағы "жеке кабинет", Бірыңғай байланыс орталығы 1414, 8 800 080 7777 арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызмет көрсету мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар.<br>Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада авторизацияланған пайдаланушылар үшін қолжетімді.<br>Цифрлық құжатты пайдалану үшін электрондық-цифрлық қолтаңбаны немесе бір реттік парольді пайдалана отырып, мобильді қосымшада авторизациядан өту, бұдан әрі " Цифрлық құжаттар" бөліміне өту және қажетті құжатты таңдау қажет. |

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі
2026 жылғы 2 ақпандағы
№ 69 бұйрығына
14-қосымша
"Уақытша сақтау орындары
иелерінің тізіліміне енгізу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет қағидасына
1-қосымша

**"Уақытша сақтау орындары иелерінің тізіліміне енгізу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі**

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызмет түрінің атауы:<br>1. Қызметті тоқтата тұру;<br>2. Қызметті қайта бастау;<br>3. Уақытша сақтау орны иелерінің тізілімінен шығару;<br>4. Уақытша сақтау орындарының иелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету). | | |
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары |

| | | |
|---|---|---|
| | | бойынша аумақтық органдары ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші). |
| 2 | Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері | 1) "электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі – портал);<br>2) ақпараттық объектілері, " KEDEN" ақпараттық жүйесі арқылы www.keden.kgd.gov.kz ( бұдан әрі – "KEDEN" АЖ). |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдері | Уақытша сақтау орындары тізіліміне енгізу немесе осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайлар мен негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту – өтініш тіркелген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде;<br>қызметті тоқтата тұру – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;<br>қызметті қайта бастау – 3 (үш) жұмыс күні ішінде;<br>уақытша сақтау орындарының иелерін тізілімнен шығару – 3 (үш ) жұмыс күні ішінде;<br>уақытша сақтау орындарының иелері туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) – 3 (үш) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5 | Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі | хабарламасы бар уақытша сақтау орындары иелерінің тізіліміне енгізу туралы шешім не осы Тізбенің 9-тармағында көрсетілген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы уәжделген жауап (хабарлама).<br>Ұсынылған өтініш негізінде мемлекеттік қызмет көрсету кезінде:<br>1) Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабы 2-тармағының 7) тармақшасына сәйкес тыңдауды жүзеге асырмай портал арқылы жүзеге асырылады. |
| | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемнің | |

| | | |
|---|---|---|
| 6 | мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. |
| 7 | Қызметті берушің ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | 1) порталда және "KEDEN" АЖ – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, ҚР Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>2) "KEDEN" АЖ жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, ҚР Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – ҚР мерекелер туралы Заңы) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>1) www.egov.kz порталы;<br>2) "KEDEN" АЖ www.keden.kgd.gov.kz. |
| | | көрсетілетін қызметті берушіге:<br>осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>уақытша сақтау орындары иесінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты. |

| | | |
|---|---|---|
